

Костанай облысы әкімдігінің
«Облыстық көркеменерпаздардың
халық шығармашылығы мен
кинобейнең орталығы» КМҚҚ
басшысының бүйрүғымен бекітілді

Д. Қалқаев

2021 жылдың «09» наурыз

Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Облыстық көркеменерпаздардың халық шығармашылығы мен
кинобейнең орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Облыстық көркеменерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнең орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсі (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мұлік туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Зандарын, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2020 жылғы 30 желтоқсандағы төрағасымен және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген.

2. Негізгі міндеттері мен принциптері

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымының және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

3. Зангердің міндеттері (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет):

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету);

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мұлделепілігі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі болып табылады;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3. Функциялары, құқықтары

5. Зангерге мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу болып табылады;

4) мұдделер келіспеушіліктерін анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) мемлекеттік функцияларды орындаға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сактауын бақылау;

8) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету.

10) Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

12) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сактауды көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

6. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін зангерге мынадай құқықтар мен міндеттерді беру ұсынылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатысуға құқылы;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кенестер ұйымдастыру және өткізу;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сактауға міндетті;

7) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген

жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметі есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар етуге міндettі;

9) Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.